

Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектебінің
№4 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі

Жарлысу ауылы

31.01.2025 ж.

Қатысушылар: 34

Қатыспағандар:

Педагогикалық кеңес төрағасы: **І.Қ.Назарбеков**

Хатшы: **Г.Шабденқызы**

Күн тәртібінде:

1. ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5 бабының 21-2) тармақшасына сәйкес білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы және ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен, Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен педагогикалық ұжымды таныстыру.
2. Мектепте өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша комиссия құрамын бекіту.
3. Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру, жүргізу мерзімімен және іс –шаралар жоспарымен ұжымды таныстыру.

1.Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры І.Қ.Назарбеков Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары 2 тараудан, 3 параграфтан және 19 қосымшадан тұратындығын айтты. Осы өлшемшарттың 1-ші тарауында өзін-өзі бағалау кезінде кездесетін ұғымдарға түсінік берілген. Өлшемшарттарда білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары – білім беру ұйымын бағалауды анықтау үшін қолданылатын, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген талаптардың жиынтығы және бағалау өлшемшарттары – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізуге негіз болатын белгілер мен нақты өлшеуіштер деп ұғымға түсінік беріп айтып өтті.

2-ші тарауында Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары туралы түсінік береді.

I). Бағаланатын кезеңге өлшемшарттар:

1) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік аттестаттау болып табылмайтын білім беру ұйымдарын жыл сайынғы бағалау оқу нәтижелеріне бағалау жүргізбей өткізіледі, сонымен қатар білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ескере отырып, бағаланатын кезең толық оқу жылы болып табылады.

2) Мемлекеттік аттестаттау алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады.

II). Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын айтты:

1) оқыту нәтижелеріне бағалау 4, 9-сыныптардың білім алушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеу (бұдан әрі – компьютерлік тестілеу) технологиясы бойынша жүргізіледі;

2) компьютерлік тестілеу білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды тұлғаларының байқаушы ретінде қатысуымен жүзеге асырылады;

3) оқыту нәтижелерін бағалау кезінде білім алушыларға өз білімдері, іскерліктері мен дағдыларының деңгейін көрсету үшін бірыңғай жағдайлар мен тең мүмкіндіктер жасалады;

4) компьютерлік тестілеу контингенттің тізімдік құрамынан білім алушылардың кемінде 90 %-ы қатысқан кезде жүргізіледі (бітірушілердің жалпы саны 10 немесе одан аз білім алушыларды құрайтын білім беру ұйымдары үшін – төменінде 80 %);

5) карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар себебінен оқыту нәтижелерін бағалауға жататын 4, 9-сыныптар білім алушыларының қашықтықтан оқыту кезінде компьютерлік тестілеу тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары алынғанға дейінгі мерзімге ауыстырылады;

6) білім алушылар компьютерлік тестілеу рәсімдерінен босатылады және мынадай жағдайларда оқыту нәтижелерін бағалауға жататын білім алушылар контингентінің тізімдік құрамына енгізілмейді:

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындылары (ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін);

білім беру ұйымдарын бағалау кезеңіндегі денсаулық жағдайы бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы немесе денсаулығының жай-күйі бойынша полимеразды тізбекті реакцияның оң нәтижелері;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7355 тіркелген) бекітілген Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес олимпиадаларға, конкурстарға және жарыстарға қатысу туралы білім басқармасының бұйрығы;

7) бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

"өте жақсы" – 85-100 %;

"жақсы" – 65-84 %;

"қанағаттанарлық" – 40-64 %;

"қанағаттанарлықсыз" – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 40 % -дан төмен болғанда;

8) компьютерлік тестілеу нәтижелері цифрлық бес балдық жүйе бойынша бағаланады, сонымен қоса оқыту нәтижелерін бағалау қорытындылары бойынша апелляция рәсімі көзделмеген;

9) білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген контингенттің тізімдік құрамынан төменінде 40 %-дан төмен емес білім алушылардың "қанағаттанарлық" деген бағадан төмен емес дұрыс жауап бергені білім беру ұйымымен айқындалған жағдайда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім беру стандартының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

III). Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

IV). Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына өлшеуіштер, осы Өлшемшарттардың 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес қолданылады.

V). Білім беру ұйымы қызметінің деңгейін бағалау өлшемшарттар балдарының жалпы сомасы бойынша айқындалады.

Білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келмесе, білім беру ұйымдарының қызметін бағалау кезінде балдардың қорытынды сомасы 50% - ға төмендейді.

VI). Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін айқындау үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері онлайн форматта сауалнама жүргізеді:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында –педагогтер, мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері); мектепалды жастағы топтар болмаса – ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері);

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, 4 және 9 сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне); білім беру ұйымында бітіруші сыныптар болмаса – жоғары сыныптардың білім алушыларымен және ата-аналарымен (заңды өкілдері);

Педагогтерге, жұмыс берушілерге, өндірістік практика базаларының басшыларына сауалнама 90% -дан кем емес респонденттер қатысқан кезде жүргізіледі.

Білім алушыларға, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ата – аналарына (заңды өкілдері) сауалнама респонденттердің төменінде 90% - ы (білім беру ұйымдары үшін, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жалпы саны төменінде 80% - ды құрайтын білім алушылар (тәрбиеленушілер) үшін) қатысқан кезде жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

1. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

3. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҰОЖ) сәйкестігі;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрнемендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

5) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

6) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру;

7) ҰОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру;

8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы игеру;

9) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру;

10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау.

2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

3. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

4) 4 және 9 сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

4. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2.Тыңдалды:

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры І.Қ.Назарбеков Білім беру ұйымдарын өзін-өзі бағалау Комиссиямен бекітіледі және басшысының бұйрығымен комиссия құрамы бекітіледі. Комиссия төрағаны қосқанда білім беру ұйымының кемінде бес қызметкерінен (тақ саннан) тұрады. Білім беру ұйымы комиссиясының төрағасы оның бірінші басшысы болып табылады.

Комиссия төрағасы білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауда жалпы жоспарлауды және оған басшылықты жүзеге асырады. Төраға Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымына өзін-өзі бағалау жүргізу бойынша нақты тапсырмаларды комиссия мүшелері арасында бөліп беретіндігін айтты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын, Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа ала отырып, мектепте өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру мақсатында комиссия құрамына төмендегі азаматтарды ұсынамын- деді.

Комиссия құрамына мүшелікке: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Бакированы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Е.Шотаеваны, құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары З.О.Құлдыбаеваны, директордың ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары К.А.Устемировты, мектеп психологы И.Г.Ашимбекованы, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Б.Ж.Айтқұловты, мектепалды даялық тобының тәрбиешісі Г.Шабденқызы ұсынды.

Сөйледі:

1.1. Комиссия төрағасы І.Қ. Назарбеков мүшелердің қызметімен таныстырды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Е.Шотаева осы өлшемшарттың көрсетілген 11 қосымша және 2 параграфтың 12 тарауының 3,4,9 бөлімін жинақтау, аналитикалық талдау жасау ;

директордың ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары К.А.Устемиров осы өлшемшартта көрсетілген 7 қосымша және 2 параграфтың 12 тарауының 7,8,10 бөлімін жинақтау және аналитикалық талдау жасау;

директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Бакирова осы өлшемшарттың көрсетілген 8,12,13 қосымша және 2 параграфтың 12,13 тарауының 1,2,5,6 бөлімін жинақтау аналитикалық талдау жасау және 4,9 сынып оқушыларының деректер базасын жинақтау және тестілеу жүргізілетін сыныптарды компьютерлермен жасақтау;

мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Г.Шабденқызы осы өлшемшартта көрсетілген 2,3,4,5 қосымша және 1 параграфтың 9 тарауының 1,2,3 бөлімдерін жинақтау және аналитикалық талдау жасау;

шаруашылық менгерушісі Б.Айтқұлов 9,10 қосымшаларға жауапты деп көрсетті.

Комиссия төрағасы І.Қ.Назарбеков Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес құжаттардың жинақталуы мен рәсімделуіне жауапты екенін айтты.

3.Тыңдалды:

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры І.Қ.Назарбеков: педагогикалық ұжымды өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспарымен таныстырды

№	Іс – шара атауы	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР-сы Заңының 5 бабының 21-2) тармақшасына сәйкес білім беру ұйымдарының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру туралы және ҚР-сы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру.	Педагогикалық кеңес	31.01.25ж.	Мектеп директоры І.Қ.Назарбеков
2	Мектепте өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу бойынша комиссия мүшелерін сайлау, бұйрықпен бекіту.			
3	Өзін – өзі бағалауды ұйымдастыру және жүргізу мерзімімен ұжымды таныстыру.			
4	Өзін-өзі бағалауды жүргізу бойынша қажетті құжаттар топтамаларын жинақтау (екі оқу жылы мен ағымдағы 4 айдың құжаттары, §1, 9-11 тармақтар §2, 12-15 тармақтар)	Комиссия отырысы	03.02.25ж.- 03.03.25ж.	А.А.Бакирова Г.Е.Шотаева К.А.Устемиров З.О.Құлдыбаева Г.Шабденқызы
5	Өзін –өзі бағалауды жүргізу бойынша оқыту нәтижелері бағаланатын 4,9 сынып оқушыларының	Ақпараттар базасын	03.02.25ж.	А.Бакирова А.К.Имамбекова

	мәліметтер базасын жинақтау	дайындау		Р.И.Ботабекова
6	Өзін-өзі бағалау бойынша оқыту нәтижелері бағаланатын 4,9 сыныптар туралы мәліметті өткізу. Тест орталығымен байланыс орнату	Мәліметтерді өткізу, байланыс жасау	10.02.25 ж	
7	Білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствасына қолдау жолдау	Қолдау хат	(кестеге сәйкес)	М.Байшемиров
8	Оқыту нәтижелері бағаланатын сыныптарды компьютермен қамтамасыз ету		Уақытында	Мектеп әкімшілігі А.Имамбекова
9	Өзін-өзі бағалау нәтижелерімен педагогикалық ұжымды таныстыру	Педагогикалық кеңес	05.03.25 ж	І.Қ.Назарбеков
10	Қамқоршылық кеңес мүшелері алдында есеп беру	Қамқоршылық кеңес	06.03.25 ж	І.Қ. Назарбеков
11	Білім беру саласындағы уәкілетті орган ведомствасына өзін-өзі бағалау нәтижелері мен қорытындыларын өткізу, жұмысты қорытындылау	Құжаттар топтамасын өткізу	07.04.25 ж	І.Қ. Назарбеков

Қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары», 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарын бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа алынып, Айтқұл Шынасилов атындағы орта мектебінде 20 ақпан мен 15 наурыз аралығында «Өзін-өзі бағалау» жүргізілсін.
2. Комиссия құрамы және іс-шаралар жоспары педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілсін.
3. «Өзін – өзі бағалау» қорытындысы педагогикалық ұжымға таныстырылсын және қамқоршылық кеңес алдында есебі берілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы  І.Қ.Назарбеков

Хатшы:  Г.Шабденқызы

